

6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін жазылған Иманқұлова Меруерт Амантайқызының «Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдістемелік негіздері (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері бойынша)» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне ғылыми кеңесшінің

## П І К І Р І

Қазақстандағы жоғары білімді дамыту стратегиясы оны орнықты дамыту, білімді аумақтандыру, үздіксіз білім беру, реформалар үдерісіндегі үздіксіздік, әлеуметтік даму барысын болжау мүмкіндіктері, төлтума мәдениет пен рухани құндылықтарды сақтау, әлеуметтік және этикалық ынтымақтастық концепциялары негізінде құрылады. Осыған сәйкес қазақ тіл білімінің сан салалы теориялық ұстанымдары бүгінгі күні тілдік зерттеулердің бағыт-бағдарын анықтауға, маңызды тұжырымдар жасауға мүмкіндік беретіндіктен, олардың жалпы және жеке лингвистика шеңберіндегі өзіндік белгілерін сұрыптау, өзге ізденістер қатарында алар орнын нақтылау қажеттігі ғалымдардың алдына тың әрі көкейтесті мәселелер қойып отыр. Тілді диалектикалық-динамикалық құбылыс ретінде қарастыру, оның қоршаған әлеммен де, адамдық факторлармен де сабақтастығын зерделеу қазіргі қазақ лингвистикасының ұлттық сипатымен қатар, әлемдік лингвистика деңгейіне көтерілер биігін де айқындауға септігін тигізетіні сөзсіз. Осыған орай, қазақ тіл білімінің концептуалдық қоры мен әдіснамалық негізі де құнды зерттеулердің дүниеге келуін қамтамасыз етер алғышарттардың бірінен саналады. Қазақ топырағында қалыптасып, ғылымдар тоғысында шешімін тауып келе жатқан тілтаным теориясының ғылыми негізде дәйектелуі – сол үзілмес байланыстың белгісі.

Тіл табиғатын адам болмысымен, оның іс-әрекетімен ұштастыра талдаған қазақ тілші-ғалымдарының тіл мен таным ұғымдарына назар аударуын, олардың тоғысуынан бастау алатын ережелерге мән беруін де заңды сабақтастықтың нәтижесі деп бағалау ләзім. Өйткені шынайы өмірді қабылдау, оның қыр-сырын ой таразысынан өткізе пайымдау, соның салдарынан жинақталар ақпараттар мен мәліметтерді жадта сақталар қор ретінде жүйелеу тілдік бірліктердің болмысын ішкі және сыртқы әсерлер тұрғысынан талдауға мүмкіндік береді. Сол себепті де зерттеу жұмысындағы белгілі тілші-ғалымдар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтардың лингвистикалық мұрасын антропоцентристік бағытта зерттеп қарастыру олардың құнды мұраларын жаңа қырынан танып білуге және оны болашақ филолог мамандарға терең танытуға, сол арқылы олардың кәсіби білігін жетілдіруге жол ашады. Сондықтан А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі таным теориясын зерделеп, оны жоғары оқу орнында меңгерту диссертациялық жұмыстың өзекті екеніне дәлел бола алады.



Зерттеу жұмысында, *біріншіден*, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтардың лингвистикалық зерттеулеріндегі «таным теориясының» этнотанымдық мазмұнның басымдығы ғылыми деректер негізінде дәйектелген. Себебі «Ұлы Дала Елі» идеясын іс жүзіне асыру барысында қазақ тілінің танымдық табиғатын көрнекті тілші-ғалымдардың еңбектерімен сабақтастықта зерделеу тіл арқылы әлемдік өркениет пен ұлттық рухани құндылықтарды өзара сабақтастықта танып-білуге игі ықпал етеді. *Екіншіден*, ғалымдардың лингвистикалық зерттеулеріндегі «таным теориясының» астарындағы белгілі бір халықтың тілдік таным әлеміндегі тілдік бірліктердің бойында сақталатындығы сипатталған. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың танымдық көзқарастарын білім беру жүйесіне енгізу тілдік бірліктердің семантикалық өрісін, коммуникативтік ерекшеліктерін, стилистикалық қызметін жаңа парадигма деңгейінде қарастыруға мүмкіндік береді. *Үшіншіден*, көрнекті тілшілердің таным теориясына қатысты пікір-тұжырымдары тіл білімі салаларының бұрынғы және қазіргі даму кезеңдерін анықтауға, тілді танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін жетілдірудегі маңызы теориялық та, практикалық та тұрғыдан дәлелденген. Өйткені танымның ғылыми-педагогикалық, әдістемелік тұғырлары Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде маңызды орын ала отырып, тіл білімі мен оны үздіксіз білім беру жүйесінде меңгерту үдерісін ұйымдастыру мәселелерін тың қағидалармен байытады, оқыту үдерісінде жаңа ұстанымдардың жүзеге асуына мүмкіндік тудырады.

Қорыта келгенде, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 6D011700 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының PhD докторанты Иманқұлова Меруерт Амантайқызының «Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдістемелік негіздері» (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері бойынша) атты философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясын өз мақсатына толық жеткен жұмыс деп бағалап, диссертациялық кеңесте қорғауға лайық деп есептеймін.

**Педагогика ғылымдарының  
докторы, доцент**



**Ж.Т. Дәулетбекова**